

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2020 жылғы 26 ақпандағы № ДС-59 хатқа

Құрметті депутаттар!

Орта медициналық қызметкерлерді даярлау сапасы мен мектептерді мейіргерлермен қамтамасыз ету бойынша депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2017 жылы мектеп медицинасы білім беру жүйесінен денсаулық сақтау жүйесіне берілді (медициналық пункттер мен медициналық қызметкерлер).

«Білім беру ұйымдарының білім алушылары және тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі № 141 бұйрығына сәйкес оқушылардың саны 50-ге дейінгі шағын жинақы мектептерді қоспағанда, медициналық пункт білім беру ұйымдарында бір ұйымға біреу есебінен ашылады.

Білім беру ұйымдарында медициналық пункт болмаған кезде білім алушыларға және тәрбиеленушілерге медициналық қызметті жергілікті денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша айқындалған бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы ұсынады.

Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында¹ медицина қызметкерлерінің

¹ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 85 «Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығы.

функционалдық міндеттері айқындалған *(аурулардың алдын алу, саламатты өмір салтын қалыптастыру, физикалық белсенділік пен дұрыс тамақтануды насихаттау, алғашқы көмек көрсету және ауру белгілерін өз бетінше анықтау, зиянды әдеттерден бас тартуды насихаттау және т.б.)*.

«Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына сәйкес өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері белгіленгенін айта кету керек, олар 10 000 адамға есептеледі.

2019 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 6366 орта білім беру ұйымдарының 5865 медициналық кабинетінде 6151 медицина қызметкері жұмыс істейді, бұл ретте қосымша 500-ге жуық кабинет ашу қажет.

Денсаулық сақтау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекс шеңберінде және бастапқы медициналық-санитариялық көмек стандарттарында заңға тәуелді актілерді әзірлеу шеңберінде іске асырылатын орта білім беру ұйымдарын мейіргерлермен қамтамасыз ету мәселесін пысықтауда.

Денсаулық сақтау министрлігі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа Кодекс шеңберінде «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына орта білім беру ұйымдарын мейіргерлермен қамтамасыз ету жөнінде өзгерістер енгізеді *(500 білім алушыға арналған интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдары үшін 1 мейіргер лауазымы; 100 білім алушыға арналған шағын жинақы мектептер үшін 1 мейіргер лауазымы)*. Бұл ретте норматив белгілеу процесінде өңір халқының тығыздығы және жергілікті атқарушы органдардың ұсынымдары ескеріле отырып, түзету коэффициенттері әзірленетін болады.

Жоғарыда көрсетілген шаралар орта білім беру ұйымдарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орта медициналық қызметкерлерді даярлау сапасы мен орта медициналық қызметкерлерге қажеттілік бойынша

2020 жылғы 1 қаңтарға республика бойынша орта медициналық қызметкерлерге қажеттілік – 4787 адамды құрады.

Бұл ретте ең жоғары қажеттілік Нұр-Сұлтан қаласында (661), Қарағанды (552), Қостанай (522), Ақмола (488) және Ақтөбе (491) облыстарында байқалады.

Орта медициналық қызметкерлерді даярлауды 84 медициналық колледж жүзеге асырады *(26 мемлекеттік және 58 мемлекеттік емес)*, оның ішінде 41 колледж институционалдық аккредиттеуден өткен, 30 медициналық колледж жоғары медициналық колледж ретінде қайта ұйымдастырылған *(23 – мемлекеттік және 7 - жеке меншік)*.

2019 – 2020 оқу жылында медициналық колледждерде білім алушылардың жалпы контингенті 70625 адамды құрады *(36,8% - мемлекеттік колледжде, 63,2% -*

мемлекеттік емес колледжде). Ағымдағы жылы 19643 маман бітіріп шығады деп жоспарлануда.

Мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында 2017 жылдан бастап медициналық колледждер түлектерінің білімі мен біліктіліктерін бағалау енгізілді (2017 – 2018 оқу жылында түлектердің орташа бағасы 51 баллды, 2018 – 2019 оқу жылында 81 баллды құрады), ол өзінің тиімділігін көрсетті.

Бүгінде Еуропалық директиваларға сәйкес білім берудің барлық деңгейлеріндегі мейіргерлік қызметкерлерді даярлау бағдарламалары қайта қаралды және әзірленді. Жаңа стандарттарда мейіргерлерді даярлау бойынша «бакалавриат - магистратура – докторантура» білім беру бағдарламаларының сабақтастығы қарастырылған.

Айта кететін жайт, 2018 жылдан бастап академиялық және қолданбалы бакалавриат деңгейінде білім алған кеңейтілген практика мейіргері лауазымы енгізілді. Бұл жаңа формациядағы мейіргерлер, олар дәрігерлерден бірқатар функцияларды беру шеңберінде тәуелсіз мейіргерлік көмек көрсетеді: жеке қабылдау, динамикалық бақылау, консультация беру, ауруларды басқару бағдарламасы мен патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті моделі шеңберінде патронажды жүзеге асыру («Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-43 бұйрығы).

Аталған проблемалы мәселелерді сұрақтарды шешу үшін Денсаулық сақтау министрлігі медициналық білім беру ұйымдарын дамытуға, мамандарды даярлау бағдарламаларын жетілдіруге, оқытушылардың әлеуетін арттыруға, оқушылардың клиникалық дайындықтарын жетілдіруге, түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесін жақсартуға, орта медицина қызметкерлерінің қызметі саласында басқарудың жаңа жүйесін енгізуге және зерттеу қызметін дамытуға бағытталған мейіргерлік істі дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған іс-шараларының кешенді жоспарының жобасын әзірледі (келісу рәсімінен өтеді).

Денсаулық сақтау министрлігі мен мүдделі мемлекеттік органдарға жұмыс қорытындылары бойынша Парламент Мәжілісінің депутаттарын және Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету тапсырылды.

Депутаттық сауалда белгіленген мәселелер бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында тұр.

Е. Тоғжанов